

“ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІН ПРИНЦІПТІК ЖОЛМЕН НЕГІЗДЕУ”

Миралиева Диана Нұрмухан қызы

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті
Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 2-курс студенті
E-mail: diananurmuxan2@gmail.com

Байзаков Жандос Абдазимович

Ғылыми жетекшісі:
(PhD)

Шыршық мемлекеттік педагогикалық

АННОТАЦИЯ

Мақалада қазақ тілі әдебиетін оқутуда қолданылатын әдістердің түрлері, өзара жіктік топтары туралы мәлімет беріледі. Сонымен қатар, әр бір әдіске анықтама. Әдістердің қолданылу орны. Қай кезде қолданылғанда қандай нәтиже беруі жайында. Жәнеде мектеп оқушыларының сынып ерекшелігіне байланысты қолданылатын кезеңдері жайында мәліметтер беріледі.

Кілт сөздер: Әдебиет әдістемесі, принцип, жемісті нәтиже, әдіс түрлері, көркем туынды, оқыту шеберлігі, әдіс-тәсіл.

“BASED ON THE PRINCIPLES OF TEACHING METHODS AND TYPES OF KAZAKH LITERATURE”

ABSTRACT

The article provides information about the types of methods used in teaching the literature of the Kazakh language, groups of mutual units. Also, help for each method. Place of application of methods. It is about what results it will give when it is used. In addition, information is given about the stages used by schoolchildren depending on the class.

Keywords: Literary methodology, principle, fruitful results, types of methods, artistic works, teaching skills, methods.

Кіріспе бөлім: Жаңа білім беру жүйесі дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгерте отырып, оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың жаңа жолдары қарастырылды. Мұның өзі білім мен тәрбие берудің, жеке тұлғаны жан-жақты

дамытудың нәтижелі болуын ұйымдастыра білуді, оқушылардың білімді өз ізденісі мен белсенділіктерін арттыруға бағыттайды. Жастарды биік адамгершілікке, еліне, Отанына, халқына деген асқан сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеуде әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің орны ерекше.

Негізгі бөлім: Оқыту барысының нәтижелі, жемісті болуы мұғалім әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты болады. Оқыту процесінде мынандай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші мәселе – мұғалім оқытуы, екінші мәселе – оқушының оқуы. Мұғалім мен оқушының осы арақатынасы әр түрлі оқу қызметтері, оқыту әдістеріне жатады. Мысалы, мұғалімнің әңгімелесуі — әңгіме әдісі немесе кітаппен жүргізетін жұмыс түрлері – кітаппен жұмыс әдісі, оқушының жауап беруі оқушы білімін тексеру әдісі деп аталады. Сонымен, әдіс-тәсіл оқытушы мен оқушы арасындағы жұмыс түрлеріне байланысты әр түрлі болып келеді. Мектептегі оқыту процесі оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Мысалы, әдеби айтыс тудыратын сұрақтар оқушы белсенділігін танытып, арттыратын тәсілдердің бір түріне жатса, көркем мәтінді талдау оқушының тәжірибелік жұмысын бақылаудың бір тәсілі, жолы болып келеді. Әдебиетті оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, эвристикалық әдіс, зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, проблемалық баяндау әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше. Академик Ю. Н. Бабанский өзінің «Оқу-тәрбие процесін оптималдандыру» деген еңбегінде әдістерді мынадай үлкен үш топқа жинақтайды.

1. Оқушылардың оқу-таным қызметін ұйымдастыру әдістері.
2. Оқушылардың оқу-таным қызметін көтермелеу әдістері.
3. Оқу-таным қызметінің тиімділігін бақылау әдістері.

Әр топ бірнеше оқыту әдістерінен тұрады. Мысалы, бір топтағы оқыту әдістеріне: сөздік (әңгіме, лекция, пікірлесу), көрнекілік (иллюстрация, портрет, суреттеу, мүсіндер), практикалық (поэтикалық талдау, көркем мәтінмен жұмыстар, әдістер жатады. Сондай-ақ, репродуктивтік, эвристикалық әдістерді де осы топқа жатқызуға болады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, әр топтағы әдістемелердің өз мүмкіндігі, ерекшелігі болады. Төмендегі кесте арқылы кей әдістерді қай мәнде пайдалану тиімді болады, соған тоқталайық. Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың көркем туындыны қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім-болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни мұғалім осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптай отырып, пайдалануы керек. Көркемдеп оқу әдісі әдебиетті оқытуда үлкен рөл атқарады. Ол оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытуда өте тиімді болып келеді. Бұл әдістің негізгі тәсілдері мұғалімнің мәнерлеп оқуы, көркем сөз

шеберлерінің оқуы, күйтабақты, ұнтаспаны тыңдауы т.с.с. болып табылады. Мұғалімнің мәтінді әрі мәнерлей, әрі түсінік бере оқуы, оқушыларды осы жұмысқа баулуы, мәтінге жуық әңгімелету, жоспар жасау, негізгі оқиғаларға ат қойғызу, жинақтау т.б. шығармашылық жұмыстар да осы әдістің негізгі тәсілдері. Сондай-ақ көркем мәтінді оқу барысында иллюстрация, суреттер пайдалану (қабілетіне қарай өнерін шығару), сценарий жасату, оқыған шығармаларға, көркем суреттер бойынша пікір айтқыза білу (көркем киноны, пьесаларды) тиімді тәсіл ретінде оқушылардың оқу еңбегін ұйымдастыру түрлеріне де жатады. Мұғалім осы жұмыстың басы-қасында, оны ойластырушы да, орындаушы, орындатушы да болып қызмет атқарады. Әдебиетті оқыту әдістерінің топтары. Скаткин, Лернер, Кудряшов, т.б. ғалымдар ұсынған оқыту әдістерінің 5 түрлі жүйесі. Оқыту әдістері мен тәсілдердің көптүрлілігі. Әдістердің шәкірттердің ой белсенділігін арттырудағы қызметі. Проблемалап оқыту М.И.Махмутов саралап оқыту И.Э.Унт дамыта оқыту Ю.Б.Элконин. Саралап оқыту оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке даму жан-жақтылығына негізделгені. оқыту әдістерін таңдауына, оны шығармашылықпен қолдана білуіне қойылатын талаптар. Оқыту технологиясының құрылымы: мақсаты, мазмұны, әдістері мен тәсілдері, нәтижесі, оқыту технологиясы мен әдістеменің мақсаты бір, оқытудың тиімді жолдарын қарастыруы, инновация оқу білім беру жүйесіндегі жаңа үлгідегі әдіс әрекеттер екендігі. Әдебиетті оқытудың шығармашылық оқу, эвристикалық, зертеу, репродуктивтік әдістері. Шығармашылық оқу әдісі. Бұл әдістің әдебиеттің сөз өнері әрі ғылыми ретіндегі табиғатын тереңдей түсінуге қолайлылығы. Бұл әдісті қолдануда шәкірттердің әдеби қабілетін шыңдауына, ықылас зейінін көркем шығарманың ішкі микроқұрылымына бағыттауына мүмкіндік алатындығы. Шығармашылық оқу әдісінің мұғалімнің мәнерлеп оқуы, көркемсөз оқушы шеберлердің көркем шығармадан үзінділер оқуы, мұғалімнің көркем мәтінді оқи отырып түсінік беруі, мұғалім мен шәкірттердің оқылған шығарма туралы өз әсерлерін бөлісуі, әрі қарай бағыт-бағдар беру мақсатындағы пікірлесу тәсілдер арқылы жүзеге асырылатыны. Эвристикалық әдіс. Бұл әдістің қазіргі педагогика ғылымы мен мектепте оқытуды эвристикалық пікірлесу арқылы ұйымдастырудың түрі екендігі. Бұл әдістің шығармашылық әдіспен сабақтастығы, бірін-бірі толықтыратыны. Көркем мәтінді талдауда шәкірттің интеллектуалдық ойлау қисынын қалыптастыратыны. Әдеби шығарманың бойындағы адамгершілік, отаншылдық, философиялық құндылықтар жөнінде шәкірт түсінігін қалыптастырудағы эвристикалық әдістің орны.

Қорытынды бөлім: Әдістеме әдістерден тұрады. Әдіс – «танымның одан әрі дами түсуіне қызмет ететін, танылған заңдылықтардың негізінде жасалған

ережелер». Өдіс мақсатқа жетудің белгілі бір жүйеге түскен жолы. Өдіс – зерттеліп отырған нысанаға сай келетін таным құралы. Өдіс — әдебиетті талдау мен бағалау ісінде жинақталған ілімдер мен тәжірибелерге, қағидаларға, амалдарға, тәсілдерге негізделеді. Өдіссіз танып-білу мүмкін емес. Тәсіл – оқушыларға тірек сигналдары арқылы жеткізу жүйесі. Олар: образды сөз өрнегі, көркем бейнелі сурет, графикалық көрнекіліктер.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)

1. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» Т.Қ.Қасенова Павлодар қаласы Керуку 2015 жыл
2. «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Қ.Бітібаева Алматы қаласы «Рауан» баспасы 1997 жыл
3. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» Б.Д.Жұмақаева Алматы қаласы «Қыздар университеті» баспасы 2015 жыл.